

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 қазандағы N 1066 Қаулысы

"Қазақстан Республикасы Парламентінің 10 жылдығын мерекелеуді дайындау және өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 589 қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасына 2005 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен:

"Қазақстан Республикасының Парламенті" кітабын шығаруға;  
Қазақстан Республикасы Парламентінің жаңа тұжырымдамадағы сайты құруға;  
"Қазақстан Парламентіне - 10 жыл" бейнефильмін шығаруға 27007000 (жиырма жеті миллион жеті мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*